

**"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 277 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде оның көшірмесін жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жариялаған соң Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің, "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) жоғарыда аталған Ережені тіркеу органында белгіленген заңнамалық тәртіпте тіркеуді жүргізуді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*А. Әміренов*

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы әкімдігінің

2022 жылғы тамыздағы

№ \_\_\_\_\_ қаулысымен

## **"СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Тайынша қ.

### **"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекеме туралы ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) экономика, бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару, аудандық бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есепке алу мен есептілікті жүргізу салаларында басшылықты жүзеге асыратын, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының жұмыс және қызмет бабында пайдалану үшін келген мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсынатын, ауданның коммуналдық меншік объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын ауылдық елді мекендерге тұру, аудандық деңгейде бірыңғай ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алуды, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексімен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерімен, сондай-ақ осы Ережемен жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, "Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №

5403 бұйрығына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер бөлім "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, бюджет және қаржы заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық тәртіппен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі басқару және жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 151000, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Центральный бұрылысы, 2.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден, Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

### 13. Міндеттері:

1) Аудан аумағында мемлекеттің бірыңғай мемлекеттік экономикалық, бюджеттік және қаржылық саясатын жүзеге асыру;

2) әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру мақсатында аудан бюджетінің жоспарлануы мен атқарылуын реттеу;

3) ауданның бюджет қаражатын басқару және аудан әкімдігінің коммуналдық меншік объектілерін басқаруға қатысу;

4) Бюджеттік мониторинг жүргізу (жиі, жүйелі жинақтау, бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін қадағалау және талдау);

5) бухгалтерлік және бюджеттік есепті, аудандық бюджеттің атқарылуы бойынша қаржылық және бюджеттік есептілікті жүргізу;

6) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

7) аудан аумағында мемлекеттік сатып алу процесінің мониторингін жүзеге асыру.

### 14. Өкілеттіктер:

#### 1) Құқықтар:

ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығымен, "Мемлекеттік мүлік туралы" ҚРЗ Бюджет кодексінде көзделген бөлімнің құзыретіне жатқызылған функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және жеке тұлғалардан ақпаратты сұрату және алу;

аудан бюджетін жоспарлау және атқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы талаптарының бұзылу себептеріне баға беру, сондай-ақ бекітілген аудандық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігі мен орындылығына баға беру;

аудандық коммуналдық мүлікті, оның ішінде аудандық коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің үлестерін) иеленуге, пайдалануға қатысу;

бөлімнің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін барлық сатылардағы сот органдарына жүгінуге, аудандық коммуналдық мүлікті иелену, пайдалану және билік ету мәселелері, бөлім қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында Бөлім атынан өкілдік етуге құқылы;

аудандық коммуналдық меншіктегі Жекешелендіру объектілерін бағалауға, аукциондар, тендерлер ұйымдастыруға және өткізуге, жекешелендіруден кейінгі бақылау жүргізуге, шарттық негізде заңды және жеке тұлғалардың сарапшылары мен консультанттары ретінде аудандық бюджетте көзделген қаражат есебінен тартуға арналған шығыстарды қаржыландыру үшін қаражаттарды пайдалану;

шарттардың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде аудандық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) төлемақыны енгізбегені немесе уақтылы енгізбегені үшін; мүліктік жалдау объектісін мақсатына сай пайдаланбағаны үшін, оны жалға берушінің келісімінсіз қосалқы жалға бергені үшін, сондай-ақ жалға алушының жалға берушінің келісімінсіз онда орналасқан инженерлік желілер мен коммуникацияларды қайта жаңартуды, қайта жоспарлауды немесе қайта жабдықтауды жүргізгені үшін; аудандық коммуналдық меншік объектілерін сатып алу-сату, сенімгерлік басқару, өтеусіз пайдалану (несие) шарттарының талаптарын бұзғаны немесе орындамағаны үшін өсімпұл мен айыппұлды есептеу;

## 2) Міндеттері:

бұл туралы заңды және жеке тұлғалар ресми сұрау салған жағдайда өз құзыреті шегінде материалдар мен ақпараттар беру;

нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

ауданның қаржы қызметі, коммуналдық меншік мәселелері бойынша барлық сот, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда аудан әкімінің, әкімдігінің мүдделерін білдіру;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру;

## 15. Функциялар:

1) жергілікті бюджеттерге және ауылдық округтердің бюджеттеріне үш жылдық кезеңге арналған түсімдерді болжау;

2) аудандық бюджеттік бағдарламалар және ауылдық округтердің бюджеттері, жоспарлы кезеңге арналған жаңа бастамаларға арналған лимиттер бойынша шығыстар лимиттерін айқындау және оларды әкімшілерге жеткізу;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарау;

4) жоспарлы кезеңге арналған аудандық бюджеттің жобасын әзірлеу және тиісті қаржы жылына арналған аудандық бюджетті нақтылау, түзету бойынша ұсыныстар енгізу;

5) аудандық бюджет жобасын және ауылдық округтер бюджеттерінің жобасын (аудандық бюджетке және ауылдық округтердің бюджетіне өзгерістерді) аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізу және оны қарау нәтижелері бойынша түзету;

6) жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде ауылдық округтер бюджетінің болжамды параметрлерін есептеу;

7) аудандық бюджетті және ауылдық округтердің бюджетін бекіту туралы, көтерме жәрдемақы мөлшері және бюджеттік кредит туралы, аудандық бюджетті және ауылдық округтердің бюджеттерін нақтылау, өз құзыреті шегінде басқа да мәселелер туралы аудандық мәслихат сессияларының шешімдерін дайындау;

8) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының азаматтық қызметшілері болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы, оның ішінде объектілер бөлінісінде инвестициялық жобаларды қоса алғанда, басым жергілікті бюджеттік инвестициялар тізбесін әзірлеу, бюджет мәселелері бойынша аудандық мәслихат сессиясының шешімдерін іске асыру туралы аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын әзірлеу;

9) аудандық бюджет және бөлімнің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша баяндамалар, түсіндірме жазбалар, ақпараттық - талдау материалдары мен анықтамалар дайындау;

10) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік инвестициялық жобаларының инвестициялық ұсыныстары бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

11) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың, мемлекеттік - жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау;

12) заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыруға жоспарланатын бюджеттік инвестициялық жобаларға және бюджеттік инвестицияларға экономикалық қорытындылар дайындау;

13) "Азаматтық бюджетті" аудан бюджетін әзірлеу және орналастыру;

14) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу;

15) аудан әкімі тапсырмаларының орындалуы туралы ақпараттарды және жиынтық есептерді дайындау (құзыреті шегінде);

16) депутаттардың, аудандық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық басқармаларының сауалдарына жауаптар (жауаптар жобаларын) дайындау (құзыреті шегінде);

17) аудан әкімі мен әкімдігінің аудан бюджетін жоспарлау және атқару, ауданның коммуналдық меншігін басқару саласындағы құқықтық және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді;

19) жылдық сомаларды қоса алғанда, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді және оларды Қазынашылықтың аумақтық органдарына ұсынады;

20) аудан бюджетін жоспарлау мен атқаруды қамтамасыз ету;

21) бюджетті атқару бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіреді;

22) міндеттемелердің уақтылы қабылданбау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы жүргізілмеу себептерін анықтау, аудандық бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамдарын жасау мақсатында аудандық бюджеттің атқарылуына күн сайынғы және ай сайынғы мониторингті жүзеге асырады;

23) жергілікті ауқымдағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда ауданның жергілікті атқарушы органының қорынан ақша бөлу туралы өтінішхатты қарау, сондай-ақ төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу;

24) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу және / немесе төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу туралы қаулының жобасын ауданның жергілікті атқарушы органына заңнамада белгіленген тәртіппен енгізу;

25) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне, Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

26) қарыз алушылардың бюджеттік кредиттерді пайдалануына және қайтаруына мониторинг жүргізу;

27) бюджеттік заңнамамен белгіленген органдарға есепті қаржылық жылға аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну;

28) "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және қалалар мен аудандар әкімдерінің

аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығына, "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығына сәйкес бюджеттік есептілікті, аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну, аудандық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау.

29) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 "Ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалар жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) ашық бюджеттер интернет-порталында қоғамдық талқылау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес бюджеттік бағдарламалар жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерді "Ашық бюджеттер" порталында орналастыру; "Ашық бюджеттер" порталында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақпаратты орналастыруын мониторингілеу;

30) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тіркелген, орындалмаған және төленбеген міндеттемелерін талдау;

31) өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомаларын жоғары тұрған бюджетке қайтаруды жүзеге асыру;

32) ауданда мемлекеттік сатып алуды өткізу мәселелері бойынша мониторингті жүзеге асыру;

33) бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыруды қамтамасыз ету, әкімшісі " Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру, бекіту және орындау;

34) бөлім Тайынша ауданының мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы болып табылады және ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізеді;

35) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің Мемлекеттік сатып алу бойынша есептілігін жасау;

36) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінде ақпараттық ресурстар жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

37) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алуды және қарауды, бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдауын өткізуді қамтамасыз етеді;



38) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін иеленуге, пайдалануға және билік етуге қатысу өкілеттігін жүзеге асыру, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру, аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін тиімді және тиімді пайдалану мәселелері бойынша жұмыстар жүргізу; аудандық коммуналдық мүлікті ұтымды пайдалану және сақтау;

39) аудандық коммуналдық мүлікті есепке алуды ұйымдастыру, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

40) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың, мемлекеттік қатысу үлесі бар акционерлік қоғамдардың және шаруашылық серіктестіктердің тізілімін жүргізу, осы ұйымдардағы мүлікке түгендеу және есепке алуды жүргізу;

41) аудандық коммуналдық мүлікті аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекіту ;

42) коммуналдық меншікке өтініш білдірген (түскен), "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен иесі жоқ деп танылған, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен аудандық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткізілген иесіз қалған дүниені, олжаны, қараусыз қалған жануарларды, құрамында мәдени құндылықтарға жататын заттай емес салым үлестерін есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастыру;

43) жылжымайтын мүлікті иесіз ретінде есепке қою;

44) жылжымайтын мүлікті иесіз және коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы сотқа талап-арыз беру;

45) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру;

46) өз құзыреті шегінде мүліктік жалдау (жалға алу), аудандық коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқару шарттарын, өзге де шарттар жасасу, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

47) аудандық коммуналдық меншік объектілерін жалға алушылардың, сенімгерлік басқарушылардың "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүліктік жалдау, сенімгерлік басқару шарттары, өзге де шарттар бойынша міндеттемелерді орындауын бақылауды жүзеге асыру;

48) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүлікті , оның ішінде аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін, коммуналдық мүліктің аудандық деңгейіне жататын акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін коммуналдық мүліктің облыстық деңгейіне беруді жүзеге асыру;

49) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүлікті , оның ішінде облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүліктік кешендерін, облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне жататын акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін коммуналдық мүліктің аудандық деңгейіне қабылдауды жүзеге асыру ;

50) аудандық коммуналдық меншіктің коммуналдық заңды тұлғалары арасында мүлікті беруді жүзеге асыру;

51) коммуналдық заңды тұлғалардың баланстарынан негізгі құралдарды есептен шығару бойынша жұмыс жүргізу;

52) аудандық коммуналдық мүлік объектілерінің тізбесіне енгізілген аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің алдын ала келісімін алу;

53) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда аудандық коммуналдық мүлікті бағалау бойынша "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес конкурс ұйымдастыру және өткізу ;

54) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сауда-саттықты өткізу, аудандық коммуналдық мүлікті тендер шарттарында мүліктік жалдауға немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар құру;

55) аудандық коммуналдық меншік объектілерін сату алдындағы дайындық бойынша жұмыстарды жүргізу, жекешелендіру объектілерін жекелеген сауда-саттықтар бойынша бөлу, сондай-ақ оларды өткізу мерзімдерін белгілеу, әрбір жекешелендіру объектісі бойынша сауда-саттық нысанын айқындау, жекешелендіру объектілерінің бастапқы, бастапқы және ең төменгі бағаларын айқындау және бекіту; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кепілдік жарналарын қабылдау және қайтару;

56) аудандық коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруді ұйымдастыру және жүргізу, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аукциондар, тендерлер ұйымдастыру және өткізу барысына бақылауды жүзеге асыру;

57) сауда-саттық жеңімпаздарымен сатып алу-сату шарттарын жасасу және аудандық коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру шарттары талаптарының орындалуын бақылау (жекешелендіруден кейінгі бақылау), "Мемлекеттік мүлік туралы

" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

58) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сауда-саттықты өткізу рәсімдеріне байланысты сауда-саттыққа қатысушылармен, сатып алушылармен және ұйымдастырушылармен есеп айырысуларды жүзеге асыру;

59) аудандық коммуналдық мүлікті сатудан, аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беруден түсетін ақша қаражатының аудандық бюджет кірісіне толық және уақтылы түсуіне бақылауды жүзеге асыру, берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдау;

60) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру және жүргізу.

### **3. Мемлекеттік органның бірінші басшының мәртебесі, өкілеттігі**

16. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Бөлім басшысы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Тайынша ауданы әкімінің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлім басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) бөлімнің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды және "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;

2) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

3) бөлім қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына дербес жауапты болады;

4) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды, Бөлім атынан бөлімнің басқа қызметкерлеріне бөлім мүдделерінде белгілі бір іс-әрекеттер жасауға өкілеттік береді;

5) бөлімде ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

6) Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын және басқа да құжаттарды келіседі және аудан әкімі мен әкімдігіне қарауға ұсынады;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Бөлім қызметкерлерін көтермелейді және тәртіптік жаза қолданады;

8) бөлімнің шығыс жоспарын бекітеді, бюджетте қарастырылған қаржы қаражатына иелік етеді;

9) бөлім жұмысын перспективалық жоспарлау және ағымдағы ұйымдастыру бойынша аудан әкіміне ұсыныстар енгізеді;

10) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

11) мемлекеттік қызметшілерді оқуға, даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға жіберуді қамтамасыз етеді;

12) басқа мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

13) аудан әкімі жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### 4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Бөлімнің Мемлекеттік мүлік туралы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### 5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) және тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, сондай-ақ осы Ережемен реттеледі.